



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

өмірін жеңілдету үстінде. Тіпті жасанды интеллект жасап шығарып, қолданысқа енгізу үстінде. Осылайша адам баласы өзі жасап шыққан технологиялармен бәсекеге түсуде. Осы тұста адамзат аталған бәсекеге қалай шыдас бере алады? Жасанды интеллект жұмысты сапалы және тез орындау жағынан озуы мүмкін, алайда оларда адамдағыдай эмоциялар жоқ. Сондықтан адамдар өздерінің осы бір ұтымды тұсын тиімді пайдалана білуі керек.

Жоғарыдағы қалыптасып отырған жағдай өз кезегінде заманауи менеджерге деген талапты күшейтеді, оның кәсіби біліктілігімен қатар эмоционалды интеллект деңгейіне баса назар аударыла бастайды. Сол үшінде біз қазіргі менеджерлердің осы эмоционалды интеллект деңгейін көтеру жолдарын қарастыруымыз – заман талабы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Преимущества EQ: эмоциональная культура и ваш успех. Стейн С., Бук Г.
2. <http://www.akorda.kz>
3. Азбука эмоционального интеллекта. Андреева И.
4. Психология эмоций. Экман П.
5. ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ. ПОЧЕМУ ОН МОЖЕТ ЗНАЧИТЬ БОЛЬШЕ, ЧЕМ IQ. Гоулман Дэниел.

ӘОЖ 338.47(574)

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДАҒЫ БАСЫМ САЛАЛАР. ТРАНСПОРТТЫҚ-ЛОГИСТИКАЛЫҚ КЕШЕН

Елтай Бақарыс Берікбайұлы, Нарен Мардан Әбдіманапұлы
bakarys.eltay@mail.ru, m-a-r-d-a-n@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті. Астана қ, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Бакирбекова А.М.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері аз шыңды бағындыра қойған жоқ, әлемдік аренада өз беделін көтере білді. Бірақ кейбір елімізде мүмкіндігі басым салалар тасада қалып, қолға енді алына бастағаны өкінішті. Тоқсаныншы жылдан бері еліміз әр салада шыңдалып, ненің қажет екендігін айыра білді. Даму барысында еліміздегі ғылыми-техникалық прогресстің әлсіздігінен көп жапа шегіп, негізгі мамандандырылған саларда шет елге тәуелділік танытты. Не дегенменде бұл құбылыс әлі етек-жеңін жинай қоймаған мемлекеттер үшін таныс. Бірақ еліміз көп сынақтан аман шығып, бүгінгі күні жоғарғы жетістіктерге жете алды. Қазақстан экономикасының әлемдік экономикадағы үлесін анықтаудың негізгі көрсеткіші - елдің халықаралық саудадағы үлесіне қарап анықтауға болады. Қазақстанның сыртқы сауда айналымы жылдан жылға өсіп келеді: 1995 жылы \$9 млрд болатын болса 2008 жылы \$109 млрд, 2017 жылы 133,7млрд долларды құрайды. Негізгі өсім мұнай өндіру және металлургия саласының еншісіне тиесілі. Экспорт өндірілетін өнім көлемінің өсуіне және бағаның қымбаттауына байланысты. Ал импорттың өсуі тиісінше өнімді өндіруге қажетті машиналар мен жабдықтарды сатып алудың нәтижесінде өсті.[1]

Жалпы макроэкономикалық көрсеткіштер

Алдын ала жасалған есеп бойынша өсім 1 пайызды құрайды. Тауар өнімділігі 1,3 пайызға, қызмет көрсету-0,8 пайызға, тауарға салынатын табыс -2,4 пайызға артқан.

2016 жылдың мамыр айынан бері 2015 жылы ЖІӨ-нің 63,7пайызын құраған, негізгі бсаланың(өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, сауда, транспорт, байланыс) даму динамикасын көрсететін қысқамерзімді экономикалық индикаторлар дұрыстала бастады. 2016 жылы қысқамерзімді экономикалық индикаторлар 100,8пайызды құраған болатын.

2015-2016 жылғы Жылдық инфляция 8,5пайызды құрайды. Инфляцияға негізгі әсер еткені тауарлардың 9,7пайызға қымбаттауы. Өнімдік емес тауарлардың бағасы 9,5 пайызға, қызмет көрсетудің бағасы 6,1пайызға өсті

2016 жылы инфляциялық көрсеткіштердің азаюы нәтижесінде ҚР Ұлттық банк екінші деңгейлі банктерге ставканы 17 пайызға, 2016 жылдың мамырында 15 пайызға, шілде айында 13 пайызға, 2017 жылдың қаңтар айында 12,0 пайызға дейін төмендеді.

Негізгі капиталға инвестиция көлемі 2017 жылға қарай 5,1 пайызға артты. Салыстырмалы түрде 2016 жылдың қараша айында бұл көрсеткіш 4,7 пайызға өскен болатын. Бұл өсім «Нұрлы-жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында индустриальды-инновациялық және инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуы.

Негізгі инвестиция салымы ауыл шаруашылығында 46,7 пайыз, 252,9 млрд теңгеге, саудаға саланытын инвестиция 10,3 пайызға 158,8 млрд теңгеге, тау-кен өндірісі 14,8 пайызға, 2 756,0 млрд теңгеге, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар 13,7 пайызға, 940,8 млрд теңгеге артқан болатын.

2016 жылы байқалған динамикаға сәйкес құрылыс салалығында 7,9 пайызға, ауыл шаруашылығы 5,5 пайызға, транспорттық сферада 3,8 пайызға, ал өңдеуші саласы 0,7 пайызға артты. [2]

Қолдағы ақпаратқа сүйене отырып елімізде қазірге кездегі экономиканың басым салаларының бірі етіп транспорттық-логистикалық кешенді ұсынамыз. Бұл саланың ЖІӨ бойынша үлесін 10 пайызға дейін көтеруге болады.

Осы уақытқа дейін еліміздің орналасу аумағының кемшілігін айтып, теңіз немесе мұхитқа шыға алмауынан транзиттік экономиканың әлсіздігін айтып келген болатын, бірақ бұл саланың артықшылығы енді байқала бастады.

Транзиттік бағыттың дамуына мүмкіндік береді:

-Батыс Қытай-Батыс Еуропа;

-Орта Азия мемлекеттерінің өңдеуші секторының дамуы;

-Солтүстік аудандарды көгілдір отынмен қамтамасыз ету, «Сарыарқа» жобасы;

Алдыңғы жылғы ақпараттарға шолып өтетін болсақ, транспорттық-логистикалық кешен ЖІӨ-нің 7,8 пайызын құраған болса, алдыңғы жылғы көрсеткіш 7,6 пайыз болатын.

Осы салада жұмыс жасайтын кәсіпкерлер 757,5 млрд тг, алдыңғы жылға қарағанда 6,5 пайыз көп тапқан.

Мұнай-газ құбырларын есептемегенде транспорттық-логистикалық кешенде бірінші орынды теміржол-жүк тасымалдаушылары алады (85 пайыз), екінші орын автотранспорт (13,3 пайыз), үшінші орында-теңіз және жағалау жолдары (1,1 пайыз), қалғандары 1 пайыздан аз орын алады.

2015 жылдан бері бұл секторда стагнация байқалған. Себебі өсім 0,1 пайыздан аспаған болатын, бұл бар жоғы 3,79 килло-тон (килло-тон-өлшеу бірлігі). Негізгі теңіз-тасымалдау жолдарында, яғни өткен жылға қарағанда 22,5 пайызға өскен болатын. Темір жол-жүк тасу 9,1 пайызға артқан.

Аталған жол тараптарында түсімнің азаюына құбырлар қатты әсер етті. Қазіргі кездегі жағдайларға сәйкес мұнай құбырларының басымдылығы артып келеді. [3][4]

Мұнай-газ құбырлары

2017 жылдың бірінші жартыжылдығына сәйкес магистральды құбырлардан 113,3 млн тонна мұнай мен газ транспортталды. Салыстырмалы түрде бұл алдыңғы жылға қарағанда 4,3 пайызға артық. Жүк тасымал айналымы 63,7 миллиард тонна-километрге, 7,4 пайызға артық.

Елімізде құбыр жолдары 23,3 мың километрді құрайды, оның ішінде мұнай құбырлары 8 мың километр, газ құбырлары 15,3 мың километрді құрайды.

Қазіргі кездері бұл құбырларды жаңалау және жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Орындаушы Еуропалық реконструкциялау және даму банкі, кординаторы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ болып табылады. Бұл инвестициялық бағдарлама газ жолдарын кеңейту және аймақтың әкімшілік орталықтарына тарту, сонымен қатар 2019 жылға қарай Ақтөбе, Маңғыстау, Қостанай облыстарының құбырларын жаңалау жоспарлануда. Жоба құны 25 млрд теңге (жобамен 67,55 млн еуро, оның 54 млн евросын Еуропалық реконструкциялау және даму банкі ұсынады). 2016 жылдың бірінші жарты жылдығы мен 2015 жылдың бірінші

жартыжылдығын салыстырғанда 72,4 пайыз артқан, 2016 жылғы табысты жалпылай алғанда компаниялар 1,07 трлн тг табыс тапқан. [4]

Ұлттық экономиканың дамытудағы басым сала ретінде транспорттық-логистикалық кешендегі мұнай-газ құбырларын көрсету себебім бүгінгі еліміздегі және Орта Азиядағы қалыптасқан тенденцияларға сәйкес болып отыр.


Негіз болып отқан:

-Елбасымыздың 2018 жылы наурыз айының бесіне жариялаған «Әлеуметтік бес бастамасы»;

-Орта Азиядағы экономикалық тенденциялар;

Бес әлеуметтік бастаманың бесінші бастамасына сәйкес Солтүстік аудандарды газбен қамтамасыз ету. Бұл жобаны техникалық-экономикалық негіздемесі дайын және 2018 жылдың жазында бастау жобаланып отыр. Жоба құны қазіргі есеп бойынша 370 млрд теңге. Ақшаны инвестициядан, мемлекет қазынасынан және Еуразиялық реконструкциялау және даму банкінен алу жоспарлануда. «Сарыарқа» деп аталатын бұл газ құбыры төрт кезеңнен тұрады:

1. Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Астана арасын байланыстыратын 1081 км-ге созылатын, құны 267,3 млрд теңгені құрайтын газ құбыры;
2. Газқұбырын Астанадан Көкшетау қаласына дейін тарту;
3. Петропавл қаласына дейін созу;
4. Құны 35,5 млрд тг құрайтын Жезқазған-Теміртау құбырын тарту, бұл құбыр жылына 3 млрд тонна газ өткізуге қуатты. [5]



1990 жылдардан бері елімізде газ өндіру 8 млрд кубтан 52 млрд кубқа дейін артты. Ал еліміздің 50 пайызы ғана көгілдір отын пайдаланады. Бұл жобаның экономикалықтан көрі, экологиялық артықшылықтары көп. Елбасымыз айтқандай ауаға шығатын қоқысты 6 есеге дейін азайтуға мүмкіндік береді.

Алдын ала жасалған есеп бойынша Солтүстік аудандар 2,5 млрд куб газ пайдаланады. Салыстырмалы түрде оңтүстік аудандарда 5 млрд куб газ қолданыста. Бұл газ құбыры көмір сұранысына қатты соққы жасамайды. Ел ордамыз жылына 650мың тонна көмір қолданады, ал елімізде жылына 100 млн тоннадан көп көмір өндірілетінін ескерсек, бұл аса асуыр көлем емес. Әрине, газ құбыры газ экспортына соққы болады, бірақ жер асты байлығы халық иелігінде болуы керек екендігін жоба жасаушылары негіз етіп алған.

Жоба солтүстік облыс халқы үшін маңызды. [6]

Мұнай құбырларын Өзбекстан аумағына дейін созу.

Ресми деректерге сәйкес мұнай өңдеу Өзбекстан Республикасында 2002 жылдан бері 2,2 есеге 7,24 миллион тоннадан 2012 жылы 3,17 миллион тоннаға дейін азайды, мұнай өндіру 1,56 миллионға, 2,6 есеге азайды. Өндіріс көлемінің азаю себебі мұнай өндіру көздерінің тозуы еді.

Өзбекстан мемлекетіндегі ірі мұнай өңдеуші компаниялардың: Бухаралық, Ферғаналық, Алтыарықтық мұнай өңдеу кәсіпорындарының жалпы қосындысы 11,2 млн тоннаны құрайды. Бірақ мұнай жетіспеушілігінен өндірістің 60 пайызы ғана жұмыс жасап тұр.

Өзбекстан Республикасының Қазақстан, Ресей мемлекеттерімен келісім жасап, «Омск-Павлодар-Шымкент» мұнай құбырын Өзбекстан аумағына дейін созу жоспарлануда. «Узбекнефтегаз»АҚ ресейлік «Газпроммен», қазақстандық «Казмунайгаз», «Казтрансойл», «Казтрансгаз» компанияларымен келімге отырып, осы уақытқа дейін Өзбекстан импорттық мұнай көлемін 10млн тоннадан 18 млн тоннаға дейін көтеру жоспарлануда. 3 млн тонна мұнайды сол жердегі мұнай өңдеу компаниялары алса, 2 млн тоннаны Қырғызтан, 3 млн тонна Өзбекстандағы «Газпром» филиалына жеткізу жоспарлануда. [7][8]

Қортынды: еліміздің орналасу аумағына сәйкес тасымалдау экономикасының ірі құрауыштарының бірі бола алады. Бұл эсседе тек құбыр жолдарын ғана қарастырдым. Жол магистралінің өзі ірі тақырып болатыны анық. Ресей Федерациясындағы кең шикізатты өңдеуші салаға беттеген Орта Азия мемлекеттеріне жеткізу, Қытайдай кең тауарға ие мемлекетті көп қаржыға ие Еуропа мемлекеттерінің арасында тұру, біріншіден делдалдық қызмет жасауға мүмкіндік берсе, екіншіден Орта Азиядағы маңыздылығын арттыра түсері анық. Статистикаға сәйкес елімізде 2015 жылға сәйкес қызмет көрсету ЖІӨ 54,6 пайызын құраса, елбасының бұрығы бойынша бұл көрсеткіш 2020 жылға дейін 60 пайызды құрауы керек деген болатын. Қызмет көрсету ішіндегі транспорттық-логистикалық кешенге басымдылық беру керек. «Сарыарқа» жобасы біткеннен кейін газқұбырын шығыс аудандарға тарту, одан кейін соңғы жылдары газ жетіспеушілігі болып отырған Қытайға дейін жеткізу елдің экспорттық қуатын арттыратыны анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://fb.ru/article/185451/kazahstan-ekonomika-ministerstvo-natsionalnoy-ekonomiki-respubliki-kazahstan>
2. <http://railways.kz/ru/node/3286>
3. <https://www.transitkazakhstan.kz/ru/>
4. https://kmgep.kz/rus/about_kazakhstan/oil_and_gas_sector/
5. upr.akmo.gov.kz/sites/upr.akmo.gov.kz/uploads/obshes_slushania/predovos.pdf
6. <http://www.kaztransgas.kz/index.php/ru/press-tsentr/novosti-kompanii/704-ao-kaztransgaz-privlekaet-britanskikh-investorov-dlya-gazifikatsii-astany>
7. <http://uznews.uz/ru/article/4134>
8. ТрансLogistics№3,2018 журналы, В единой конфигурации:каковы особенности транспортных систем стран ЕАЭС?

УДК 347.126

ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ – ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУ ТЕТІГІ РЕТІНДЕ

Ергеш Б.Р., Исламиддинов А.Р., Сафаров А.Ж.

bekzat200597@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Экономика факультеті,
Мемлекеттік және жергілікті басқару тобының студенттері, 3-курс, Астана қ, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Нәбиева М. Т.

Ақмола облысы бойынша сүт өндірісі

Сүт және сүт өнімдері ең көп тұтынылатын тамақ өнімдерінің бірі болып табылатыны баршамызға мәлім. Сүт және сүт өнімдері түсініктемесі ретінде ашыған және қаймағы алынбаған сүт өнімдері түсінігі қабылданған. Сүт және сүт өнімдерін өндіру және